

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 желтоқсан N 1293

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының шекарасын карантиндік және аса қауіпті инфекциялардың әкелінуінен қорғау жөніндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды тиімді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесі оны: "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Солтүстік-Батыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мен "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Оңтүстік-Шығыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне (бұдан әрі - Органдар) аталған Комитеттің аумақтық органдары штат санының бекітілген лимиті шегінде бөлу жолымен;

2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы" мемлекеттік мекемесі оны: "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Солтүстік-Батыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы" мен "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Оңтүстік-Шығыс аймақтық әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы" мемлекеттік мекемелеріне (бұдан әрі - Мекемелер) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қайта ұйымдастырылатын ұйымдардың бөлу теңгерімдерін, органдар туралы ережелерін, мекемелердің жарғыларын бекітсін және оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 9 желтоқсандағы
N 1293 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

2. "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімде:

5 "Денсаулық сақтау" деген функционалдық топта:

2 "Халықтың денсаулығын қорғау" деген кіші функцияда:

226 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

051 "Қатерлі жұқпалы аурулардың алдын алу және оларға қарсы күрес жүргізу" деген бағдарламада :

032 кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"032 Оңтүстік-Шығыс аймақтық

әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық

сараптама орталығы 5744,7";

мынадай мазмұндағы 000 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"000 Солтүстік-Батыс аймақтық

әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық

сараптама орталығы 472,3".

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1125 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына :

көрсетілген қаулыға 16-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген бағдарламасының т а р м а қ т а :

051 "Аса қауіпті жұқпалардың алдын алу және оларға қарсы күрес" деген бағдарламасында :

032 кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"032 Оңтүстік- Осы мекемеге 2002 Қазақстан Шығыс жүктелген жыл Республикасының аймақтық функцияларды Денсаулық сақтау әуе көлігіндегі орындауға министрлігі санитарлық- бекітілген штат Мемлекеттік эпидемиологиялық санының санитарлық- сараптама 26 бірлігімен эпидемиологиялық орталығы Оңтүстік- Шығыс тiнiң Оңтүстік- аймақтық әуе Шығыс аймақтық көлігіндегі әуе көлігіндегі санитарлық- санитарлық- эпидемиология. эпидемиологиялық лық сараптама сараптама орталығын ұстау орталығы";

мынадай мазмұндағы 000 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"000 Солтүстік- Осы мекемеге 2002 Қазақстан Батыс жүктелген жыл Республикасының аймақтық функцияларды Денсаулық сақтау әуе орындауға министрлігі көлігіндегі бекітілген штат Мемлекеттік санитарлық- санының санитарлық- эпидемиологиялық 11 бірлігімен эпидемиологиялық сараптама Солтүстік-Батыс қадағалау комите. орталығы аймақтық әуе тiнiң Солтүстік-Батыс аймақтық көлігіндегі әуе көлігіндегі санитарлық- санитарлық- эпидемиология. санитарлық- лық сараптама эпидемиологиялық орталығын ұстау сараптама орталығы".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК